Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2026, судья Абенова А. Ч., 12.03.2026

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 04 ақпан №7119-26-00-2/480 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» РМК

ЖАУАПКЕР:
«ПромInvestKZ+» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» РМК-ның жауапкер «ПромInvestKZ+» ЖШС-н мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ПромInvestKZ+» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ПромInvestKZ+» ЖШС-нан Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» РМК-ның пайдасына 216 051,78 (екі жүз он алты мың елу бір) теңге 78 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 6 481,55 (алты мың төрт жүз сексен бір) теңге 55 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

7119-26-3-1/115

«ПромInvestKZ+» ЖШС-нан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2026, судья Абенова А. Ч., 12.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -